

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ӘЛ-МУАЛЛИМУС-СӘНИ» (ЕКІНШІ МҰҒАЛІМ) АТАЛУЫНА ҚАТЫСТЫ ТҮСІНДІРМЕ*

Палтөре Ықтияр Молдатөреұлы

*Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
(Алматы, Қазақстан)
yktiyar@inbox.ru*

Paltore Ykhtiyar Moldatoreuly

*Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic culture,
(Almaty, Kazakhstan)
yktiyar@inbox.ru*

Аңдатпа. Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің ең көлемді еңбегінің бірі «*Китаб әл-Муסיқа әл-кәбир – كتاب الموسيقى الكبير*» (Музыканың үлкен кітабы) трактаты екендігі алға тартыла отырып, «Әбу Насыр әл-Фараби шығыс музыкасының негізін қалаушы, білікті музыкант ретінде не себепті әлемге танымал емес?» оны неліктен «*әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني*» (Екінші мұғалім) деп атап кетті деген сұрақ қойылады. Сондай-ақ осы «*әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني*» (Екінші мұғалім) атауы қазақ тілінде «Екінші ұстаз» деп аталатындығы мысалдармен дәлелденеді. Сондықтан ең алдымен араб және қазақ тіліндегі «мұғалім», «ұстаз» сөздерінің этимологиясына талдау жасала отырып, оны неліктен араб тілінде «*әл-Муаллим әс-сәни –* Екінші мұғалім» деп атау себебі түсіндіріледі.

Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің «*әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني*» (Екінші мұғалім) аталуына қатысты айтылған екі түрлі көзқарас талдауға түседі. Олардың әрқайсысы жазба деректерді жинау, саралау, тарихи салыстыру әдістерін қолдану арқылы дәйектеледі.

Түйін сөздер: Әл-Фараби, *әл-Муаллим әс-сәни*, аударма, жазба деректер, қолжазба, трактат.

Kіріспе

Әбу Насыр әл-Фараби өзі өмір сүрген сонау ортағасырларда күллі адамзат баласының игілігін көздеп, баршаның бақытты ғұмыр кешуін қалады. Бұған әл-Фарабидің «*Китаб тахсил әс-Сабада – كتاب تحصيل السعادة*» (Бақытқа жету жайында), «*Китаб әт-Танбиһ аләә сәбил әс-Сабада – كتاب التنبيه على سبيل السعادة*» (Бақыт жолын сілтеу), «*Китаб әс-Сийаасаат әл-*

* Бұл зерттеу мақала ҚР ҒЖБМ ҒК тарапынан қаржыландырылған ЖТН АР19679483 «Әл-Фараби трактаттарындағы педагогикалық мұраларын қазіргі білім жүйесіне кіріктірудің ғылыми-әдістемелік негіздері» атты жоба аясында әзірленді.

Мәданийя – «كتاب السياسات المدنية» (Азаматтық саясат), «*Китаб фусул әл-мәдани* – «كتاب فصول المدني» (Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері), «*Әраа әһлу әл-Мәдина әл-Фадилә* – «آراء أهل المدينة الفاضلة» (Қайырымды, ізгі қала тұрғындарының ой-пікірлері) деп аталатын қазіргі кезде қолымызда бар трактаттары дәлел бола алады. Бұл трактаттарда әлемдегі барлық заттардың қалай пайда болғандығы туралы, тіршіліктің түрлері, адам және оның күш-қабілеттері, қоғамның пайда болуы, ұжымдасып өмір сүрудің үлгілері, қоғамдағы азаматтардың мінез-құлқы, ел билеген басшыға қойылатын талап-шарттар, қайырымды қала тұрғындарына ортақ мәселелер, ерік-жігер мен таңдау арасындағы айырмашылықтар, бақыт, әділдік туралы түсініктер мен ой-тұжырымдар әр қырынан талқыға түседі. Мысал ретінде айтар болсақ, жоғарыда аты аталған «*Әраа әһлу әл-мадина әл-фадилә*» (Қайырымды, ізгі қала тұрғындарының көзқарастары) атты трактатында дүниедегі заттардың сатыларынан бастап, адам мәселесі, [1] оның ақыл-ойы, қоғамдағы әлеуметтік-этикалық құндылықтар мәселесі, ерік пен таңдау, адам баласының ұжымдасуы мен өзара бір-біріне көмектесудің қажеттілігі туралы өзекті мәселелер жан-жақты талданып түсіндіріледі. Ал енді «*Ихса әл-улум – إحصاء العلوم*» (Ғылымдардың тізбектелуі) деп аталатын трактатында әл-Фараби өз заманындағы барлық ғылымдарды бірінен соң бірін тізіп, оларды ретіне қарай тармақтап, бөліп, бөлімдердің әр қайсысын жеке түсіндіріп, адамзат баласының білім алуына, ғылым саласын игеруге қатысты өзінің ой-тұжырымдарын жүйелеп жазған.

Осы мақала аясында біз Әбу Насыр әл-Фарабидің «*әл-Муаллим әс-сәни* – «ين ائلا مل عملا» (Екінші мұғалім) деп аталуына қатысты маңызды түсіндірмелерді ұсынатын боламыз. Шындап келсек, Әбу Насыр әл-Фарабидің бізге жеткен ең көлемді еңбегінің бірі «*Китаб әл-Мусиқа әл-кәбир* – «ريبكل ا قيسومل باتك» (Музыканың үлкен кітабы) трактаты екендігі белгілі. Десек те әл-Фараби музыка ғылымын жан-жақты терең зерттеп, оның теориясымен ғана шектелмей бірнеше музыкалық аспаптардың да авторы болғандығы көпшілік арасында жиі айтыла бермейді.

Әл-Фараби осы «*Китаб әл-Мусиқа әл-кәбир* – «كتاب الموسيقى الكبير» деп аталатын трактатының кіріспесінде: «...Мұнда осы (негіздердің) басын тануға алып баратын жол яки болмаса осы жолға бастайтын бағыт жоқ, не ертедегі адамдардың бізге түсіндіріп қалдырған ұстанымдары жоқ, не оларға немесе олардың артынан ілескен кейінгілердің нұсқауы жоқ. (Сондықтан) біз бастапқыда осы өнердің негіздерін игеруге септігі тиетін және соларға алып баратын кейбір мәселелерді сөз студі дұрыс деп таптық. Бұған қоса бұл өнердің негіздері анықталмайынша оның салдарын білу мүмкін емес болғандықтан біз мұның негізін білген соң ұстануымыз қажет әдісті түсіндіреміз...», - деп жазады [2, б. 352]. Бұл айтылғандардан әл-Фарабиге дейін бұрын-соңды осы музыка саласында егжей-тегжейлі жазылған терең зерттеу еңбектің болмағандығына көз жеткіземіз. Осы орайда, Ибн Кәсирдің

(ابن كثير) «Әл-Бидая уан-Нухая – البداية والنهاية» деп аталатын еңбегінің 11-томында:

أبو نصر الفارابي التركي الفيلسوف، وكان من أعلم الناس بالموسيقى، بحيث كان يتوسل به وبصناعته إلى الناس في الحاضرين من المستمعين إن شاء حرك ما يبكي أو يضحك أو ينوم.

«Әбу Насыр әл-Фараби – түркі философы. Ол музыка туралы ең жақсы білетін адамдардың бірі болғаны соншалық, ол тыңдап отырған адамдарды егер қаласа, жылатып, күлдіретін немесе оларды ұйықтатып қоятын...», - деп жазғанын да келтіре кету орынды болады. Міне осы айтылғандарды алға тарта отырып, «Әбу Насыр әл-Фараби шығыс музыкасының негізін қалаушы, білікті музыкант ретінде не себепті әлемге танымал емес?» - деген сұрақты қоюға болады. Бізде көп жағдайда әл-Фараби «...Аристотельдің логикалық, жаратылыстану-ғылыми және этикалық еңбектеріне, Платонның, Евклидтің еңбектерін, Птолемейдің «Алмагестіне», Александр Афродезияның «Жан туралы» және т.б. еңбектеріне түсініктеме берді... Ол ортағасырлардағы жаратылыстану және гуманитарлық білімнің барлық салаларын дерлік қамтитын 160-тан астам трактат жазды», - деген [3, б. 16] сияқты қаншама түйінді пікірлер әлі күнге дейін өзгеріссіз қайталанып жазылып келеді. Осы келтірілген сілтемедегі ақпарат сонау 1973 жылы айтылған болатын. Тағы бір мысал, А.Көбесовтың 1971 жылы жарық көрген «Әл-Фараби» деген еңбегінің 42-бетінде: «...қазір қолда бар мағлұматқа қарағанда ұлы бабамыздың ғылымға белгілі (зерттелген-зерттелмегендерін қосқанда) 60-қа тарта шығармасы бар көрінеді...», - деп жазса, 2002 жылы осы кітаптың қайта өңделіп, «Әл-Фарабидің ашылмаған әлемі» атауымен қайта жарық көрген кітаптың 15-ші бетінде тура осы мәлімет қайталанады. Тек «...60-қа тарта...» емес «...70-ке тарта шығармасы бар көрінеді...», - деп өңделіп ұсынылғандығын байқауға болады. Негізі «...Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш. Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А.Атеш – 160, ал тәжік ғалымы Б.Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді» [4, б. 111]. Бірақ бұл ғылыми айналымда әлі толық нақтыланбаған ақпараттар. Қалай болғанда да қазір әл-Фарабидің көптеген қолжазба трактаттарына қол жеткізуге болады. Бұған қоса әл-Фарабидің қазақ, орыс тілдеріне аударылмаған бізге беймәлім трактаттарын түпнұсқадан аударып, ғылыми айналымға енгізудің де зор мүмкіндіктері бар. Сондықтан дәйектелмеген, нақтыланбаған ескі ақпараттардан мейлінше бас тартқанымыз жөн.

Біздегі деректердің қайталануына байланысты тағы бір нақты мысал келтірер болсақ, марқұм академик Әбсаттар қажы Дербісәлі ұстаздың «Қазақ даласының жұлдыздары (Тарихи-филологиялық зерттеу) атты 1995 жылы шыққан еңбегінің 21 бетінде: «...әл-Фарабиден кейін ғұмыр кешкен араб жылнамашы-тарихшыларының Отрар перзенті жайлы естеліктері – зерттеушілер үшін аса бағалы қазына. Араб тілінде жазылған бұл дүниелердің алғашқы авторлары X ғасырда күн кешсе, яғни Әбу Насырмен тұстас болса, басқалары XII-XIII ғасырларда өмір сүрген. Солардың бірі Захир ад-дин

Әбу-л Хасан әл-Байһақи (1099-1170) Оның «Татиммай сувану-л хикма» («Даналық сөздерге толықтырма») деген еңбегінің көшірмелері қолжазба күйінде Тегран, Ташкент, Бомбей, Хайдарабат, Лондон кітапханаларында сақталып келеді... Әл-Байһақи кітабында әл-Фараби жайлы да тарау бар. Онда Әбу Насыр өмірінің түрлі кезеңдерін суреттеумен бірге, ғалымның шығармашылығына да тоқталады. Әл-Байһақи шығыс тарихшылары ішінде әл-Фарабиден кейін екі ғасыр ғана кейін ғұмыр кешкендіктен, оның жазбаларын зерттеушілер құнды шығармалар қатарына жатқызады. Бірақ, өкінішке орай, әл-Байһақидің аталған шығармасы әлі күнге дейін қолымызға түспей келеді....», - деген ақпарат беріледі. Дәл осы мәтін марқұм академик Ә.Дербісәлі ұстаздың «Әбу Насыр әл-Фараби – Ұлы даланың дара тұлғасы» деген 2020 жылы жарық көрген көлемді еңбегінің 52-53 беттерінде өзгеріссіз қайта басылған.

Негізі әл-Байһақидің жоғарыда аты аталған «*Татиммату суван әл-хикма – تتمة صوان الحكمة*» деген еңбегі қазір толық қолжетімді деуге болады. Себебі бұл еңбек араб тілінде кітап болып бірнеше рет басылып шыққан.

Айтайын деген уәждеме қазіргі кезде әл-Фараби бабамыздың мұрасына қатысты қазақ және орыс тіліндегі деректердің көпшілігінде ескірген ақпараттар мен қайталаулар, тіпті ешбір сілтемесі жоқ мәліметтер де кездесіп жатады. Дәлірек айтсақ, бәріміздің жақсы білетін әл-Фарабиге телінетін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі», - деген сөзі қай трактатынан алынғандығы жайында нақты сілтеме еш жерде кездеспейді. Бұл сөзді біз қазір қолымызда бар әл-Фарабидің 78-ге тарта араб тілінде жазылған трактаттарының ішінен іздеп, дәл осындай мағынаны беретін түпнұсқа мәтін кездестіре алмадық. Тек бір табылғаны отандық ғалым, марқұм А.Көбесовтың 1989 жылы жарық көрген «Педагогическое наследие аль-Фараби» атты еңбегінің 70-ші бетінде: «...Еще Платон остерегал, что отсутствие знания – не самое большое зло, напротив, обилие сведений и многознайство при дурном воспитании гораздо вреднее невежества...», - деп жазғаны. Бірақ осы орайда кітап авторы бұл сөзді кімнен, қай еңбектен алғандығына сілтеме бермейтіндігін айта кеткен жөн. Ал енді әл-Фараби бабамыздың кезінде орыс тілінен аударылған трактаттарының қазақ тіліндегі нұсқаларында да кейбір оққылықтар мен түпнұсқадан ауытқулар бар екендігі өз алдына бөлек тақырып. Соның бірі «*әл-Муаллим әс-сәни*» (Екінші мұғалім) атауына қатысты деуге болады.

Міне осы айтылғандарды алға тарта отырып, қазір әл-Фарабиге телінген ақпараттарға сыни көзбен қарап, берілген мәліметтерді мүмкіндігінше түпнұсқа жазба деректерден қайта нақтылау қажеттілігі туындап отыр деуге толық негіз бар.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу

Қазіргі таңда Әбу Насыр әл-Фараби жайлы, оның трактаттарында айтылған ой-тұжырымдарына қатысты көптеген ғылыми зерттеу жұмыстары бар. Бұл зерттеу еңбектері мен ғылыми мақалалар әртүрлі (батыс-шығыс) тілдерінде жазылуда. Әртүрлі мәдениет өкілдерінің әл-Фарабидің жеке тұлғасы мен мұрасына, оның философиялық көзқарастарына қатысты жазған ғылыми мақалаларын сыни көзбен оқи білу маңызды. Себебі Әбу Насыр әл-Фарабидің жеке тұлғасы, оның трактаттары төңірегінде көптеген таласты, екі ұшты әлі күнге дейін нақтыланбаған мәселелер көп. Бізге жеткен жазба деректердің мардымсыз, аз болуы, оның үстіне қолда бар жазба деректердің ішінде керағар немесе жеткіліксіз ақпараттардың берілгендігі әл-Фарабидің шыққан тегіне, өмірбаянына және оның трактаттары мен дүниетанымына нақты ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуге толық мүмкіндік бермей отыр.

Негізінен Әбу Насыр әл-Фараби «философ» ретінде көбірек насихатталып, Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» деген пікір ғылыми айналымға еніп кеткендігі байқалады. Қандай уәждемеге орай, Әбу Насыр әл-Фараби «*әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني*» (Екінші мұғалім) деп аталады. Мұны біз қазақ тілінде неліктен «*әл-Устазус-сәни – الأستاذ الثاني*» «Екінші ұстаз» деп атап кеттік. Түпнұсқаға сүйене отырып, араб тіліндегі «*әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني*» сөзтіркесін қазақ тіліне аударсақ, «Екінші мұғалім» болуы керек емес пе? «Әлде біз «Екінші ұстаз» бен «Екінші мұғалім» сөзін бір-біріне синоним ретінде қолданып кеттік пе?», «Әлде бұл орыс тіліндегі «Второй учитель» деген сөздің аударма арқылы бізге жеткен нұсқасы ма?» деген сұрақ осы мақаланы жазуға себеп болып отыр. Бұған қоса ізденіс барысында осы тақырыпта жазылған ирандық профессор Сайид Хусейн Насырдың «Farabiye neçin «İkinci öğretmen» adı verilmiştir?» (Фарабиге не үшін «Екінші оқытушы» аты берілген) деп аталатын 1993 жылы түрік тілінде «*Diyanet İlmî Dergi*» журналында жарияланған мақаласын оқып шыққан болатынымын. Бұл мақала ағылшын тілінде 1985 жылы «*Islamic Culture*» журналының №4 санында «*Why Was al-Farabi Called the Second Teacher?*» атауымен жарияланған екен. Негізі бұл мақала 1973 жылы Тегеранда ұйымдастырылған әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференцияға баяндама ретінде ұсынылғандығы анықталды.

Мақаланың мақсаты – Әбу Насыр әл-Фарабидің не себепті «*әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني*» (Екінші мұғалім) болып аталғандығына қатысты айтылған көзқарастарға талдау. Бұл мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** қойылады: жазба деректерді саралай отырып, әл-Фарабидің қандай уәждемелерге орай «*әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني*» (Екінші мұғалім) атағын алғандығына қатысты айтылған көзқарастар дерегін жинау және оларды топтастыра отырып, ғылыми тұрғыдан талдап, сипаттамалық тұжырым жасау.

Зерттеу нысаны – Әбу Насыр әл-Фарабидің «әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني» (Екінші мұғалім) атағын алғандығына қатысты айтылған көзқарастар жайлы жазылған деректер.

Зерттеу әдіснамасы

Мақалада әл-Фарабидің жеке тұлғасына, трактаттарына және «әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني» (Екінші мұғалім) атағын неліктен алғандығына қатысты жазылған ақпараттарды жинау, топтастыру, саралау, тарихи салыстыру, дәйектеу, сипаттамалық тұжырым жасау және де деректанулық, мәтінтанулық, герменевтикалық, теоллингвистикалық бағыттағы зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылама

Біз ең алдымен әл-Фарабидің араб тіліндегі «әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني» (Екінші мұғалім) атауы қалайша қазақ тілінде «Екінші ұстаз» болып аталып кеткендігін анықтауға талпындық. Ізденіс барысында әл-Фарабидің «әл-Муаллим әс-сәни» (Екінші мұғалім) атауы аға буын арасында қолданыста болғандығы анықталды. Нақтырақ айтсақ, А.Р. Рақышевтың «Адам анатомиясы» атты еңбегінің 14-ші бетінде: «Әл-Фараби Әбу-Насыр Мұхаммед бин Тархан ибн Узлаг (870-950) – ұлы ғалым-энциклопедист, ғылымдар тарихында ол «Екінші мұғалім» ретінде белгілі. «Бірінші мұғалім» деп көне дәуірдегі Платон, Аристотель сияқты оқымысты философтарды атаған...» [5] -деген түсініктеме берген.

Ал отандық фарабитанудың негізін қалағандардың бірі А.Машани 1962 жылы жазған мақаласында: «...Дүние жүзіндегі барлық ғалымдардың бірінші ұстазы (*муғаллим аууал*) Аристотель болса, екінші ұстаз (*муғаллим сани*) Әбу Насыр Фараби болған...» [6] десе, 1995 жылғы мақаласында «...бүгін дамып кеткен Батыс Еуропаның ғылымға көзін ашқан да сол ислам ғалымдары. Бұл іс ғұлама-ғалым хәкім Әбу Насыр әл-Фараби атымен тығыз байланысты. Яғни ол дүниежүзі ғылымының көзін ашқан болса және оны жаңа заманда дамытқан адам «Екінші ұстаз» әл-муғаллим ал-Сани Әбу Насыр әл-Фараби болып танылған...» - деген тұжырым жасайды.[7] Тура осыған ұқсас пікірді Ә.Дербісәлі ұстаз: «Отрар ойшылдарының ең атақтысы әрі мәшһүрі, топ жарғаны – Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» («әл-Мұғаллим әс-сәни»), «Шығыс Аристотелі» атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби еді» [8, б. 171] десе, тағы бірде: «...Әлемге әйгілі Аристотельден кейінгі үлкен ұстаз, энциклопедист-ғалым Әбу Насыр әл-Фараби» [9, б. 51], деп жазады. А.Көбесов өзінің 1971 жылы жарық көрген «Әл-Фараби» еңбегінің 40-шы бетінде: «... шығыс философтары оны «Ал муаллим әс-сани» – екінші ұстаз деп атаған. «Бірінші ұстаз» – «ал муаллим ал аууал» деп олар Аристотельді атаған», - дейді.

Бір байқағанымыз осы келтірілген сілтемелерде «мұғалім», «ұстаз» сөздері синоним сөз ретінде бір мағынада қолданысқа түскендігі. Осы орайда, араб тіліндегі «мұғалім» сөзі мен «ұстаз» сөзінің мағынасының айырмашылығы жайында қысқаша айта кету орынды болады деп есептейміз. Ең алдымен араб тіліндегі «ұстаз» сөзі арабтың төл сөзі емес екендігін айту керек. Бұл парсы тіліндегі ««ostād – استاد» (Деххода сөздігінде: оқытушы, ұстаз, жаттықтырушы, мұғалім; сарапшы, білгір, білікті шебер; қолөнер шебері; дана, ғұлама; жетекші, басшы) [10] деген мағыналарды береді. Осы парсы тіліндегі «*Ostād* – استاد» сөзі фонетикалық өзгеріске ұшырап, араб тілінде «*устаз* – أستاذ» үлгісінде қолданысқа түскен. «Ұстаз» сөзі қазір араб тілінде де, қазақ тілінде де актив сөз. Тілімізде айтылып жүрген «...«ұстаз» сөзі Абай дәуірінде парсылық әрі арабтық үлгіде қатар қолданылыста болған. Ы.Алтынсариннің «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» [11, б. 3] атты еңбегінің қолжазбасында да «*устад*» үлгісінде кездеседі. Ал қазіргі кезде қазақ тілінде тек араб тіліндегі «*устаз*» үлгісінде қолданылатыны белгілі. Марқұм академик Рабиға Сыздықова: «...сөздің ұстаз түрінде қалыптасуы – ең соңғы кездердің жемісі» [12, б. 45] деп айтқан болатын. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «Ұстаз (استاد)» сөзіне: 1. Тәлім-тәрбие, білім егетін оқытушы. 2. Белгілі бір өнердің түрін үйретуші. 3. Ақылшы, басшы» деген анықтама берілген. Біздің ана тіліміздің тілдік қорында бұл сөздің қазіргі мағынасы мен ауқымы «мұғалім» сөзіне қарағанда кең. Сөздікте: «Мұғалім (ар. مُعَلِّمٌ)» сөзіне: «мектепте, басқа да кейбір орта оқу орындарында оқушыларға сабақ беретін оқытушы ұстаз, маман» деген анықтама берілген.

Қазіргі кезде біз алғаш әліпбиді үйреткен оқытушыға «менің алғашқы мұғалімім» деудің орнына «менің алғашқы ұстазым» деп, оның абыройын арттырып, ерекше құрметпен айтып жүреміз. Негізі «мұғалім» сөзінің түбірі араб тіліндегі «*айн, ләм және мим*» әріптерінен құралған. Осы әріптерден «*алләмә – عَلَّمَ*» (үйрету, оқыту), «*тәалләмә – تَعَلَّمَ*» (үйрену, оқу, тәлім алу, оқып-білу, т.б.), «*таълим (қаз. тағылым) – تَعَلِيمٌ*» (оқу, оқыту; ағарту, білім беру), «*муаллим (қаз. мұғалім) – مُعَلِّمٌ*» (оқытушы, үйретуші, білім беруші) деген сөздер шыққан. Айтайын деген уәждеме «мұғалім» сөзінің мағынасындағы «үйрету» бұрын-соңды білмеген нәрсені үйрету дегенді аңғартады. Араб тілінде Аристотель мен әл-Фарабиге қатысты айтылғанда да осы мағына меңзеледі. Бұрын-соңды айтылмаған, ешкім білмейтін ғылым салаларын «үйретушілер», «негізін қалаушылар» деген мағынаға саяды.

Түйіндеп айтқанда қазақ тіліндегі «Екінші ұстаз» сөзі араб тіліндегі «*әл-Муаллимус-сәни*», яғни «Екінші мұғалім» сөзінің араб тіліндегі түпкі мағынасын толық ашып бермесе де біздің тілдік айналымда «ұстаз» сөзінің мағынасы кеңірек, әрі көпшілікке ұғынықты, абыройлы сөз екендігі талас тудырмайды. Бірақ бұл сөз әл-Фарабиге қатысты айтылғанда ол қате түсінікке де жол аспағаны жөн. Яғни араб тіліндегі «*әл-Муаллим әл-аууал – المعلم الأول*»

(Бірінші мұғалім – Аристотель), «*әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني*» (Екінші мұғалім – әл-Фараби) деген сөз тіркестеріндегі «бірінші», «екінші» деген сөздер реттілікті білдірмейді. Мұндағы мағына егер біз көне грек философы Аристотельді логика ғылымының ережелері мен қағидаларын жүйелеп, оның негізін алғаш үйретуші, «*әл-Муаллим әл-аууал – Бірінші мұғалім*» болды деген пікірді басшылыққа алсақ, онда осы логика ғылымын шығыс елдерінде Аристотельдің еңбектеріне түсініктеме жазып, қажетінше толықтырулар мен түзетулер енгізіп, логика ғылымын мұсылмандық дүниетаным аясында жаңаша екінші рет қайта үйреткен мұғалім «*әл-Муаллим әс-сәни – Екінші мұғалім*» – әл-Фараби деген мағынаны аңғартады. Яғни жаңадан қайта үйреткендігіне байланысты «*әл-Муаллим әс-сәни*» деп аталды деп түсіндіруге болады. Негізі әл-Фарабидің «*әл-Муаллим әс-сәни – Екінші мұғалім*» деп атауына не себеп болғандығына байланысты әртүрлі көзқарастар бар. Бұл көзқарастарды ирандық профессор Сайид Хусейн Насыр жоғарыда аты аталған мақаласында төрт топқа бөліп талдайды. Мақала авторының бұл талдауына сыни көзбен қарайтындығымызды айта отырып, автордың «...«Мұғалім» атағы Аристотельге гректер тарапынан емес мұсылмандар тарапынан берілген...», - деген тұжырымды пікірі бізді осы тақырыпқа қатысты жазба деректерді іздестіруге ынталандырып отыр.

Әл-Фарабидің «*әл-Муаллим әс-сәни – Екінші мұғалім*» деп атауына не себеп болғандығына байланысты қазірше қолда бар деректерді ұсынамыз. Жоғарыда аты айтылған әл-Байһақидың «*Татиммату суван әл-хикма – تامة صوان الحكمة*» деген еңбегінде:

الشيخ أبو نصر الفارابي هو محمد بن محمد بن طرخان من فآراب تركستان، وهو الملقب المعلم الثاني ولم يكن قبله أفضل منه في حكماء الإسلام

«Шейх Әбу Насыр әл-Фараби ол – Түркістандағы Фарабтан (шыққан) Мұхаммед бин Мұхаммед бин Тархан. Оның «*әл-Муаллим әс-сәни – Екінші мұғалім*» деген лақап атпен аталуы оған дейін Ислам данышпандары ішінде одан артық ешкім болмағандығынан...», - деп жазған. Осы тұжырымды ойды мысырлық зерттеуші Мұхаммед Лүтфи Жұма [13] – محمد لطفي جمعة (18.01.1886-15.06.1953) да айтады. Оның «*Тарих фәлсәфатил-ислам – تاريخ فلسفة الإسلام*» (Ислам философиясының тарихы) деп аталатын еңбегінің 39-шы бетінде:

ولكن مؤلفاته القيمة هي ما كانت خاصة بفلسفة أرسطو شرحًا وتفسيرًا وتحديثًا، وقد سمي المعلم الثاني إشارة إلى أنه أفضل الحكماء بعد أرسطو الذي كان يسمى المعلم الأول

«Бірақ оның (әл-Фарабидің) құнды еңбектері Аристотель философиясын жан-жақты түсіндіріп, талдап, жаңаша жеткізуінде ғана емес. Оны «*әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني*» (Екінші мұғалім) деп аталуы «*әл-Муаллим әл-аууал – المعلم الأول*» (Бірінші мұғалім) атанған Аристотельден кейінгі данышпандардың ең жақсысы екендігінің көрсеткіші», - десе, осы кітаптың 37-ші бетінде:

ولا عجب إذا سمي بالمعلم الثاني ونحن نسميه أرسطوطاليس العرب

«...(Әл-Фарабидің) «Екінші мұғалім» деп аталуы таң қалдырмайды. Біз оны «Арабтың Аристотелі» деп атаймыз...», - деген тұжырым жасайды.

Бұл тұжырым жоғарыда біз келтірген уәждемені қуаттайды дей аламыз. Осы тұста бір айта кететіні біз көп жағдайда, ғылыми айналымда «Арабтың Аристотелі» деп емес, «Шығыстың Аристотелі» деп айтып жүрміз.

Еуропа ғалымдарының көпшілігі араб тіліндегі «әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني» сөзінің мағынасына терең үңілмей әл-Фарабиді тек Аристотельдің еңбектерін түсіндіргендіктен осылай аталды деген қате пікірді алға тартатындығын айту қажет.

Мысалы, голландиялық философ Т.Ж. де Боердің (T.J. de Boer 25.05.1866-10.01.1942) «The History of Philosophy in Islam» (Исламдағы философия тарихы) деген еңбегінде: «...but his mature powers were applied to the study of Aristotle's writings, for which reason the name given him by the East was 'the Second Teacher', that is, 'the Second Aristotle'» [14] (...бірақ оның бар күш-жігері Аристотельдің еңбектерін зерттеуге бағытталған, сол үшін Шығыста оны «Екінші оқытушы», яғни «Екінші Аристотель» деген атау берді) деп жазады. Байқағанымыздай араб жазба деректерінде «Арабтың Аристотелі» атанған Әбу Насыр әл-Фараби батыс тілді еңбектерде «Екінші Аристотель» болып аталып отыр.

Әл-Фарабидің мұрасын зерттеген еуропалық ғалымдар туралы М.Хайруллаев өзінің «Фараби-крупнейший мыслитель средневековья» атты 1973 жылы жарық көрген еңбегінде: «...Әл-Фарабидің есімі мен оның кейбір трактаттары Еуропаның көптеген елдерінде XII-XIII ғасырларда кеңінен таныла бастады. Бірақ Еуропада бұл ойшылдың шығармашылық мұрасын терең әрі жүйелі түрде зерттеу XIX ғасырдың аяғынан басталды. Мысалы, М.Штрейншнейдер, Ф.Детерици, М.Хорген, Д.Буур, И.Гольдциер, А.Штекль, Карра де Во, Р.Эрланжер, А.Крымский, М.М. Филиппов, М.Алонсо Аланс, Г.Фармер, Д.М. Данлоп, Р.Хаммонд, Н.Ричар және тағы да басқалардың жұмыстары...» [3, б. 22], - деп жазған болатын. Осы еуропалық зерттеуші ғалымдардың әл-Фарабидің еңбектеріне қатысты айтқан пікірлерін алдағы уақытта жеке талдап, зерттейтін боламыз.

Енді әл-Фарабидің «әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني» (Екінші мұғалім) деп аталуына қатысты тағы бір көзқарас бар. Сол туралы қысқаша айта кетейік. Кейбір жазба деректерде оның «әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني» (Екінші мұғалім) деп аталуы «әт-Таълим әс-сәни – التعليم الثاني» (Екінші тағылым) деп аталатын еңбегімен байланысты болғандығы айтылады. Көпшілік зерттеушілер жиі сілтеме жасайтын жазба дерек тарих, география, библиография және өмірбаян бойынша зерттеулер жүргізген османлы-түрік ғалымы Қажы Халифа (حاجي خليفة) немесе Кәтиб Челеби (كاتب جلبي) атымен танымал болған Мұстафа бин Абдулланың (مصطفى بن عبد الله) (1609-1657) «Кәшф-з-зунун фи әсмаил-кутуб уал-фунун – كشف الظنون في أسماء الكتب والفنون» (Өнер салалары мен кітаптардың аттарына қатысты күмәндардың шешімі) деп аталатын екі томдық кітабының 1-ші томында келген мәлімет. Нақтырақ айтар болсақ, аталмыш кітаптың 683-ші бетінде:

فبقى تلك التراجم هكذا غير محررة بل أشرف أن عفت رسومها إلى زمن الحكيم الفارابي ثم إنه التمس منه ملك زمانه منصور ابن نوح الساماني أن يجمع تلك التراجم وجعل من بينها ترجمة ملخصة محررة مهذبة مطابقة لما عليه الحكمة فأجاب الفارابي وفعل كما أراد وسمى كتابه بالتعليم الثاني فلذلك لقب بالمعلم الثاني...

«...осылайша, бұл (аударма) өмірбаяндар өңделмеген күйінде қалып қойды. Олардың сызбалары хәкім (данышпан) әл-Фарабидің заманына дейін сақталып келді. Содан кейін сол заманының патшасы Мансур ибн Нұх әл-Самани одан осы өмірбаяндарды жинап, оларды ықшамдап, даналыққа сәйкес келетіндей етіп түзетіп, қайта өңдеуді өтінді. Әл-Фараби оған келісіп, оның қалағанындай етіп жасап береді. Ол бұл кітабын «*әт-Таълим әс-сәни – التعليم الثاني*» (Екінші тағылым) деп атайды. Міне осыған байланысты оны «*әл-Муаллимус-сәни – المعلم الثاني*» (Екінші мұғалім) деп атады», - деген дерек кездеседі. Бұл ақпарат 2007 жылы жарық көрген Ж.Дәдебаевтың «Адам және қоғам» деп аталатын кітабында да кездеседі. Нақтырақ айтсақ, кітаптың 155-ші бетінде: «...осы тұста саманид Мансур ибн Нұхтың сұранысы бойынша «Екінші тағылым» (Ат-Таһлим ас-сани) атты іргелі еңбек жазады. Зерттеушілер әл-Фарабидің «Екінші ұстаз» (Муаллим ас-сани) деген лақап аты осы еңбектің жазылуымен, таралуымен, бағалануымен байланысты шыққанына назар аударады. М.Хайруллаев деректерге сүйене отырып, әл-Фараби бұл еңбегін Түркістан қаласында жазған деген пікір білдіреді...», - деп жазады. Осы мәлімет А.Көбесовтың 1971 жылы жарық көрген «Әл-Фараби» еңбегінің 40-шы бетінде: «...Фараби өлерінің алдында Египетке барып қайтқан. Ол бұрынырақ өз отаны – Түркістанға да барған. Кейбір мағлұматтар бойынша сол тұстағы Бұхараның әмірі Мансур ибн Нұхтың өтінуі бойынша «Екінші тағылым» (Ат-Таһлим ас-сани) атты еңбек жазған, «Екінші ұстаз» деген лақабын осы оқиғаға байланысты алған дейді», - деген үлгіде кездеседі.

Әл-Фарабидің біз сөз етіп отырған осы «*әт-Таълим әс-сәни – التعليم الثاني*» (Екінші тағылым) еңбегін Түркістанда жазғандығына қатысты тағы бір дерек бар. Ол 1953 жылы жарық көрген «*Саут әт-Туркистан – صوت التركستان*» (Түркістан даусы) атты араб тілінде шыққан журналдың 3-ші санында Ибраһим Уасил әт-Түркістанидің «*Филәсуф әл-ислам әл-Фараби – فيلسوف الإسلام الفارابي*» (Әл-Фараби – ислам философы) деген атаумен жариялаған мақаласындағы:

وفي التركستان ألف كتابه التعليم الثاني بناء على طلب على السمان ملك البلاد في ذلك الحين

«...Ол (әл-Фараби) Түркістанда өзінің «*әт-Таълим әс-сәни –* Екінші тағылым» кітабын сол кезде Ел басқарған Самани патшасының тапсырысы бойынша жазған...», - деген сөзі.

Қорытынды

Араб тіліндегі «*әл-Муъаллим – المعلم*» (мұғалім) сөзі түрік тілінде «*Öğretmen –* Өгретмен» (үйретушы, оқытушы, мұғалім), ағылшын тілінде «*Teacher –* Тичер» (оқытушы) деп аударылады. Бұл сөз әл-Фараби бабамыздың

лақаб атына қатысты айтылғанда да өзгермейді. Яғни түрік тілінде «İkinci Öğretmen» делінсе де, ағылшын тілінде «Second Teacher», «Magister Primus», «Magister Secundus» тіркестері қолданылады. Қазақ тілінде «мұғалім» сөзі қолданыста бар. Бірақ жоғарыда келтіргеніміздей бұл сөзді әл-Фарабидің лақаб атымен байланыстырғанда біз көп жағдайда «ұстаз» сөзін қолданатындығымыз анықталып отыр. Негізі «мұғалім» сөзін түрік тіліндегі «Öğretmen – Өгретмен» (үйретушы) деген үлгісіне ұқсатып, қазақ тіліндегі «оқытушы, үйретуші» деген сөздермен алмастырып қолдануға да болар еді. Бірақ бұл сөз «мұғалім» сөзінің түпкі мағынасын түсінуге жеткіліксіз болады. Себебі «мұғалім» сөзінің астарында «алғаш рет бір нәрсені үйретуші» деген мағына бар. Біз осы мақала барысында осы бір мәселені мүмкіндігінше түсіндіріп жеткізуге талпындық. Сондай-ақ біз жазба деректерге сүйене отырып, әл-Фарабидің «әл-Муаллим әс-сәни – المعلم الثاني» (Екінші мұғалім) деп аталуына қатысты екі түрлі көзқарасты талқыға салдық.

Шығыс пен Батыс зерттеушілері Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың мұрасын зерттеуде Заһируддин Әбул Хасан әл-Байһақидің «Татиммату суван әл-хикма – تنمية صوان الحكمة» («Даналық сөздерге толықтыру»), Жамалуддин Әбул-Хасан әл-Қафтидың «جمال الدين أبو الحسن القفطي» «Ахбар әл-уләма би ахбар әл-хукама – أخبار العلماء بأخبار الحكماء» (Данышпандар туралы ғалымдардың хабарлары), Ахмад ибн Мухаммад ибн Әби Бәкір ибн Халликанның «أحمد بن محمد بن أبي بكر بن خلکان» «Уафәйат әл-аьйан уа әнбә әбнә әз-заман – وفيات الأعيان وأنباء أبناء الزمان» (Ұлы адамдардың қазасы және заманның ұлдары жайлы мағлұматтар), Ибн Әбу Усайбиә «ابن أبي أصيبعة» «Уюун әл-Әнба фи табақаат әл-атибба – عيون الأنباء في طبقات الأطباء» (Дәрігерлердің дәрежелері жайындағы мәліметтер бұлағы), Ибн Надим «ابن النديم» «әл-Фихрист – الفهرست» (Кітап тізімдері), Әбу әл-Қасим Сағидтің «أبو القاسم صاعد بن أحمد الأندلسي» «Китаб Табақат әл-умам – كتاب طبقات الأمم» (Халықтардың мәртебелері туралы кітап) атты еңбектерін басшылыққа алады. Бірақ бұл жазба деректердегі мәліметтер кейде бір-бірін толықтырмайды. Сондықтан да күні бүгінге дейін қате түсініктерге, бір жақты талдауларға да жол ашып отырған жайы бар. Мұндай кемшіліктер мүмкіндігінше түзетілуі қажет. Сондықтан көп кешікпей әл-Фараби бабамыз жайлы шынайы деректерге негізделген арнайы еңбек жазуды қолға алу керек.

Осы орайда, күллі әлем мойындаған әл-Фараби бабамыздың шынайы тұлғасын насихаттауды және оның әлі күнге дейін ғылыми айналымға енбей қолжазба күйінде сақталып, жойылып кетудің алдында тұрған бірегей трактаттарын зерттеп, оларды түпнұсқадан қазақ тіліне тікелей барынша дұрыс аудару мәселесін қай мекеме ұйымдастырады, кімдер жауапты болады деген сұрақ көкейде тұрады. Бүгінгі ақпараттық (IT) технологияның дамыған заманында әл-Фарабиге тиесілі сан түрлі мәліметтерді бір орынға жинау, әрі оларды жылдам өңдеу, жиынтық ақпараттарды саралап, пайдалану көп қиындық тудырмайтындығын ескергеніміз жөн.

Әдебиеттер тізімі

1 Палтөре Ы.М. Әл-Фарабидың «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбегіндегі адам мәселесінің діни мәтіндермен сабақтастығы // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршы. Шығыстану сериясы. – №1 (88) – 2019. – Б. 4-10 [Электронный ресурс] URL: <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz/index.php/1-vostok/article/view/1317/1102> (Қаралған күні: 11.06.23).

2 Әбу Насыр әл-Фараби. Қайырымды қала. Музыка туралы кітап // Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, Халықаралық Абай клубы, 2018. – 936 б.

3 Хайруллаев М.М. Фараби – крупнейший мыслитель средневековья». – Ташкент, Фан, 1973. – С. 15-16.

4 Қасымжанов А., Әлінов А. Әл-Фараби // Қазақ: Оқу құралы. – Алматы: Білім, 1994. – 176 б.

5 Рақышев А.Р. Адам анатомиясы. – Алматы, 2004. – 420 бет.

6 Білім және еңбек. 1962. №1

7 Ш.Абдраман. Фараби гibrатты ғалым: Фарабитанушы ғалым А.Ж. әл-Машаниге арналады // «Ұлы тұлғалар» ғылыми-ғұмырнамалық сериясы. Алматы, 2006. – 397 б..

8 Дербісәлі Ә. (а) Әбу Насыр әл-Фараби – Ұлы даланың дара тұлғасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 420 б.

9 Дербісәлі Ә. (б) Әбу Насыр әл-Фараби – Ұлы даланың дара тұлғасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 420 б.

10 استاد [استاد сөзінің мағынасы]. [Электрондық ресурс] URL: <https://lamtakam.com/dictionaries/dekhoda/152518/%D8%A7%D8%B3%D8%AA%D8%A7%D8%AF> (Қаралған күні: 11.06.23).

11 Алтынсарин Ы. Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы («Начальное обучение киргиз русскому языку») атты оқулығының қолжазбасы. 23 б.

12 Сыздықова Р., Шалабаев Б. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. – Алматы, Мектеп, 1989. – 128 б.

13 محمد لطفي جمعة [Электрондық ресурс] URL: <https://ar.wikipedia.org/wiki> (Қаралған күні: 11.06.23).

14 T. J. de Boer. The History of Philosophy in Islam. Translated by Edward R. Jones, 2021. [E book] URL: <https://www.gutenberg.org/cache/epub/66566/pg66566-images.html#p4.2.4> (Қаралған күні: 11.06.23).

Transliteration

1 Paltore Y.M. Al-Farabidyn “Kaiyrymdy kala” turgyndarynyn kozkarastary atty enbegindegi adam massesinin dini matindermen sabaktastygy [The Continuity of the Human Problem With Religious Texts in Al-Farabi’s Work “Views of the People of the Virtuous City”] // Al-Farabi atyndagy KazUU Khabarshy. Shygystanu seriasy. – №1 (88). – 2019. – P. 4-10 <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz/index.php/1-vostok/article/view/1317/1102> (Қаралған күні: 11.06.23).

2 Abu Nasyr al-Farabi. Kaiyrymdy kala. Musika turaly kitap [Abu Nasir al-Farabi. Virtuous city. A book about music]. // Aleumettik-ethikalyk traktattar. – Almaty, RS; Halykaralyk Abay cluby, 2018. – 936 б.

3 Khairullaev M.M. “Farabi – krupneishii myslitel srednevekovyia” [Farabi is the Greatest Thinker of the Middle Ages]. Izdatelstvo “Fan”, Tashkent – 1973. – S. 15-16.

4 Kasymzhanov A., Alinov A. Al-Farabi [al-Farabi] // Qazaq: Oqu kuraly. – Almaty: Bilim, 1994. – 176 б.

5 Rakyshev A.R. Adam anatomiasy [Human Anatomy]. – Almaty, 2004. – 420 бет.

6 Bilim jane enbek [Education and Work]. 1962. No.1

7 Abdraman Sh. Farabi gibratty galym: Farabitanushy galym A.J. al-Mashanige arnalady [Farabi is an Instructive Scientist: Dedicated to the Farabi Scholar A. zh.Al-Mashani] // “Uly tulgalary” gylymi-gumyrnamalyk seriasy. – Almaty 2006. – 397 б., suretti.

8 Derbisali A. (a) Abu Nasyr al-Farabi – Uly dalanyn dara tulgasy [Abu Nasir Al-Farabi is a Unique Person of the Great Steppe]. – Almaty: Qazaq University, 2020. – 420 b.

8 Derbisali A. (b) Abu Nasyr al-Farabi – Uly dalanyn dara tulgasy [Abu Nasir Al-Farabi is a Unique Person of the Great Steppe]. – Almaty: Qazaq University, 2020. – 420 b.

10 استاد [The meaning of the word «الاستاد» ustad]. [Elektronnyy resurs] URL: <https://lamtakam.com/dictionaries/dekhkhoda/۱۰۲۵۱۸/%D۸%A۷%D۸%B۳%D۸%AA%D۸%A۷%D۸%AF> (Қаралған күні: ۱۱.۰۶.۲۳).

11 Altynsarin Y. Kazakhtarga orys tilin yyyretudin bastauysh kuraly (“Initial teaching of the Kyrgyz Russian language”) atty okulygynyn kolzhazbasy. 23 b.

12 Syzdykova R., Shalabaev B. Korkem texts linguistic taldau. – Almaty, Mektep, 1989. – 128 b.

13. Muhammad Latfi Jama [Elektronnyy resurs] URL: <https://ar.wikipedia.org/wiki/محمّد حجاج يفظل> (Қаралған күні: 11.06.23).

14 T. J. de Boer. The History of Philosophy in Islam. Translated by Edward R. Jones, 2021. [E book] URL: <https://www.gutenberg.org/cache/epub/66566/pg66566-images.html#p4.2.4> (Қаралған күні: 11.06.23).

Палтөре Ы.М.

Комментарий к обозначению Абу Насра аль-Фараби как «аль-Муаллимус-сани (второго учителя)»

Аннотация. Принимая во внимание то, что одним из наиболее объемных произведений Абу Насра аль-Фараби является трактат «*Китаб аль-Мусика аль-Кабир* – «كتاب الموسيقى الكبير» (Большая книга музыки), в статье задается вопрос «почему Абу Наср аль-Фараби, который является основоположником восточной музыки не известен миру как квалифицированный музыкант?» и почему его называли «аль-Муаллим ас-Сани – المعلم الثاني» (Второй Учитель).

Также на примерах доказано, что это прозвище «аль-Муаллим ас-сани – المعلم الثاني» (Второй учитель) на казахском языке приводится как «Екінші ұстаз». Поэтому, прежде всего, анализируя этимологию слов «мұғалім» и «ұстаз» в арабском и казахском языках, объясняется почему на арабском языке его называют «аль-Муаллим ас-Сани – Второй Учитель».

В статье анализируются две разные точки зрения относительно обозначения Абу Насра аль-Фараби «аль-Муаллим ас-Сани – المعلم الثاني» (Вторым Учителем). За каждым из них следует использование методов сбора письменных источников, дифференциации, исторического сравнения.

Ключевые слова: Аль-Фараби, аль-Муаллим ас-сани, перевод, письменные источники, рукописи, трактат

Paltore Y.

Commentary on the Designation of Abu Nasr al-Farabi as “al-Muallimus-Sani (the Second Teacher)”

Abstract. Taking into account the fact that one of the most voluminous works of Abu Nasr al-Farabi is the treatise “*Kitab al-Musiqa al-Kabir* – The Great Book of Music” (The Grand Book of Music), the article rises a question “why Abu Nasr al-Farabi, who is the founder of Oriental music, is not known to the world as a qualified musician?” and why was he called “al-Muallim as-Sani – المعلم الثاني” (The Second Teacher).

It is also proved by examples that this sobriquet “al-Muallim as-sani – المعلم الثاني” (The second teacher) in the Kazakh language is given as “Ekinshi ustaz”. Therefore, analyzing the etymology of the words “mugalim” and “ustaz” in Arabic and Kazakh, it explains why in Arabic he was called “al-Muallim as-Sani – the Second Teacher”.

The article analyzes two different points of view regarding the designation of Abu Nasr al-Farabi “al-Muallim al-Sani – المعلم الثاني” (The Second Teacher). Each of them is followed by the use of collecting written sources, differentiation, historical comparison methods.

Keywords: Al-Farabi, al-Muallim as-sani, translation, written sources, manuscript, treatise.